

***Жаңа түскен басылымдардың
виртуалды көрмесі***


№ 2, 2017

***Виртуальная выставка
новых поступлений
научных изданий***



Күнхожаева Г.Н., Жылқыбай Қ.Ұ. Қазақстан Республикасының әкімшілік құқығы: Оқулық. - Алматы: «NURPRESS» баспасы, 2015. – 268 б.

Оқулық әкімшілік құқық курсының типтік оқу бағдарламасына және мемлекеттік білім стандартына сәйкес жасалынды. Мұнда әкімшілік құқықтың негізгі институттары мен субъектілері, азаматтардың, коммерциялық және қоғамдық ұйымдардың мемлекеттік басқару органдарымен қарым-қатынастарындағы құқықтары мен міндеттері қарастырылады.




Қаржаубаев К.Е. Квалиметрия және сапаны бақылау мен басқарудың статистикалық әдістері: оқу құралы. – Алматы: Нур-Принт, 2015. – 295 б.

Оқу құралы сапаны мөлшерлік бағалауды және бақылаудың, басқарудың жаңа әдістерін зерделеу үшін арналған. Құралдың жеті тарауында квалиметрия және сапаны басқарудың негізгі жағдайлары берілген. Құралда өнімнің сапасының көрсеткіштерін бағалау және анықтау теориясының негізгі қағидалары, бағалауды жүргізу және сапаны басқару әдістері мазмұндалған.


Ермағанбетов Қ.Т. Электртехника және электроника негіздері: Оқулық. – Астана: Фолиант, 2016. – 728 б.


Ұсынылып отырған оқулық электртехника ілімінің негізінде жататын электрстатикалық өріс, тұрақты тоқтың жалпы зарядтардың белгілі бір бағытта тасымалдануы үшін қажетті шарттар, тұрақты және айнымалы тоқтың электр тізбектерін зерттеу, есептеу әдістері, синустар заңдылығымен тоқтардың электр тізбегін есептеу әдістері, синустар заңдылығымен өзгеретін тоқтардың электр тізбектерінде жүретін резонанс құбылыстары туралы, үш фазалы электр тізбектерінің ерекшеліктері, сызықты электр тізбегіндегі өтпелі үдерістерді зерттеу әдістері, бейсызық электр тізбектерін есептеу әдістері, электромагнетизм үдерістері, трансформаторлар туралы, айнымалы және тұрақты тоқ электр машиналары туралы баяндалған. Белгілі бір тақырыптардан кейін қорытындылар өзін-өзі тексеруге мүмкіндік беретін бақылау сұрақтары, тақырыптарға сәйкесті есептер берілген.



Бөрібай Э.С. Радиациялық экология. Оқу құралы. – Алматы: Экономика, 2015. – 184 б.

Оқу құралында радиоактивті заттар, радиобелсенділік туралы егжей-тегжейлі мәліметтер берілген. Радиоактивті заттардың ашылу тарихы, иондық сәулеленудің түрлері, шығатын көздері, биологиялық ағзаларға әсерлері ғылыми дәлелдермен жазылған. Радиоактивті заттардың биосферадағы рөлі, маңызы мен қызметтері, табиғи радиациялық көздер, радионуклидтер туралы ғылыми зерттеулерден, әдебиеттерден көптеген мәліметтер келтірілген.






Мұхамәдиева Г.Н. Қазақстан Республикасындағы адвокатура: оқу құралы. – Алматы: Қазақ университеті, 2015. – 149 б.

Оқу құралы «Адвокатура және адвокаттық қызмет» оқу пәнінің бағдарламасына сәйкес және ҚР 1997 жылы 5 желтоқсанда қабылданған «Адвокаттық қызмет» туралы Заңына негізделіп дайындалды.

Оқу құралында адвокатура ғылым және оқу пәні ретінде қарастырылып, бүгінгі таңдағы адвокатураның ұйымдастырылуы мен қызметінің принциптерінің құқықтық табиғатының негізгі мәселелері баяндалады, сондай-ақ адвокаттардың құқықтық мәртебесіне, олармен көрсетілетін заң көмегінің түрлеріне, адвокаттық қызметтің ұйымдастырылуының нысандарына сипаттама беріледі. Азаматтарға, заңды тұлғаларға құқықтық көмектің жекелеген түрлерін көрсету ерекшеліктеріне талдау жасалады.





Асанов Н., Әбеу Н. Химия негіздері: Оқу-анықтамалық құралы. – Алматы: Қазақ университеті, 2015. – 228 б.

Оқу-анықтамалық құралында химияның негізгі ұғымдары мен заңды-лықтары, заттың құрамы, түрлері, қасиеттері және құрылысы сипатталған. Сондай-ақ химиялық байланыс, химиялық реакциялардың түрлері және химиялық реакция жүруінің негізгі заңдылықтары да қарастырылған. 10-нан астам химиялық элементтер мен бейорганикалық және органикалық қосылыстардың негізгі кластары жан-жақты қарастырылған.

**Кучукова Н.К., Керімбек Ғ.Е. Салықтық-бюджеттік жоспарлау:
Оқу құралы. – Алматы: Экономика, 2016. – 444 б.**

«Салықтық-бюджеттік жоспарлау» оқу құралы нәтижеге бағытталған стратегиялық жоспарлау мен бюджеттік жоспарлаудың өзара байланысын, мемлекеттік бюджетті жоспарлау негіздері және оны әзірлеудің кезеңдерін, Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық саясатының негізгі бағыттарын, республикалық және жергілікті бюджетті қалыптастыру механизмдерін, мемлекеттік бюджеттің кірістері мен шығыстарын жоспарлау мен болжаудың әдістері мен үлгілерін, соның ішінде салықтық және салықтық емес түсімдерді жоспарлаудың ерекшеліктерін, салықтық-бюджеттік жоспарлаудың халықаралық тәжірибесін меңгеруге мүмкіндік береді. Сонымен қатар Қазақстан Республикасындағы салықтық-бюджеттік жоспарлау үшін негіз болып табылатын, стратегиялық және бюджеттік жоспарлаудың өзара байланысын қамтамасыз ететін елдің стратегиялық құжаттарының мазмұны, әлеуметтік-экономикалық дамудың бес жылдық кезеңге болжамының және Қазақстан Республикасы бюджеттік параметрлерінің үш жылдық кезеңге болжамының мазмұны, «Үш жылдық кезеңге арналған республикалық бюджет туралы» Заңның, Салық кодексі және Бюджет кодексінің мазмұны ашылған.




**Абуғалиев С.Қ. Өлшеу, сынау және бақылау құралдары мен
әдістері. Оқу құралы. – Алматы: Нур-Принт, 2015. – 102 б.**




Маркетингтік коммуникациялар: Оқу құралы / А.Д. Умбеталиев, Д.А. Куланова, Г.И. Абдикеримова, И.И. Шевченко. – Алматы: Экономика, 2015. – 336 б.

Оқу құралы «Маркетингтік коммуникациялар» пәні бойынша негізгі курсты қамтиды, онда кәсіпорын қызметіндегі маркетингтік коммуникациялардың рөлі, оның құрылымы қарастырылады. Оқу құралында түсініктік аппараттың терминологиялық талдауы жүзеге асырылған, коммуникациялық кешеннің элементтері болып табылатын - жарнама, өткізуді ынталандыру, жеке сатулар мен публік рилейшнз қарастырылған. Интеграцияланған коммуникациялардың тиімділігін кешенді бағалау механизмі ашылған. Оқу құралы 5В090400 - Әлеуметтік-мәдени қызмет, 5В051100 -Маркетинг мамандықтардың студенттеріне арналған.




Куашинг Ф. Жаңартылатын энергия көздерінің жүйелері: Оқулық. – Астана: Фолиант, 2015. – 432 б.

Қазіргі уақытта жаңартылатын энергия энергетика саласының барынша жедел дамып келе жатқан бағыты болып табылады. Кітапта қарастырылған жаңартылатын энергия көздері - күн, жел, су, биомасса және оларды тұтыну үшін қолайлы энергияның басқа түрлеріне түрлендіру студенттердің электр энергетикасының алдыңғы қатарлы бағыттары туралы білімдерін едәуір кеңейтеді. Негізгі жаңартылатын энергетикалық жүйелерді пайдалану технологиясын сипаттаудан басқа, кітапта оларды есептеу және модельдеу берілген. Парниктік эффектіні қоса алғанда әлемдегі экологиялық жағдайға толық талдау жасалған.




Өмірова Г. Геофизикалық әдістердің негіздері: Оқу құралы. – Астана: Фолиант, 2015. – 248 б.

Оқу құралында негізгі геофизикалық әдістердің физикалық негіздері, далалық жұмыстарда қолданылатын аспаптар түрлері, далалық түсірудің әдістемесі мен техникасы, деректерді өңдеу тәсілдері мен интерпретация негіздері қарастырылған.




Акмуллаева А. Өсімдіктер мен жануарлар экологиясы: Оқу құралы. – Астана: Фолиант, 2015. – 144 б.

Өсімдіктер және жануарлар экологиясына арналған оқу құралында әлемде кездесетін алуан түрлі өсімдіктер, жануарлар мен жәндіктердің (фитоценоз, популяция, биогеоценоз) құрылым деңгейін, орта жағдайларына бейімделу заңдылықтары туралы мәліметтер жазылған. Сондай-ақ, өсімдіктер, жануарлар экологиясының ғылым ретінде даму тарихы мен экологиялық факторлары, олардың классификациясы, негізгі түсініктер, ұғымдар мен экологиялық мәселелер қарастырылған.



Қалшабаева Б.К. Қазақ диаспорасының мәдени мұралары: оқу құралы. – Алматы: Қазақ университеті, 2015. – 161 б.


Оқу құралында шет елдегі қазақтардың этномәдени мұралары: қолөнері, баспана, киім, тағам мәдениеті, әдет-ғұрып, салт-дәстүрлер элементтерінің сақталуы мен ерекшеліктері қарастырылады. Тарихи Отаннан тыс жерлерде өмір сүріп жатқан қандастарымыздың бүгінгі кезеңде дәстүрлі мәдениетінің сақталуы, өзгерісі, яғни бөгде этникалық ортадан сіңірген мәдени элементтер сарапталады.



Аьюис Бренда Ральф. Черчилль: Ерекше тағдыр... жарқын белестер / Бренда Ральф Льюис. – Астана: Фолиант, 2015. – 256 бет.


Уинстон Черчилль - жарты ғасыр бойы Ұлыбританияның саяси аренасында үстем болған мемлекеттік және саяси қайраткер. Өз елінің сарқылмас махаббаты мен барлық адамзаттың құрметіне қол жеткізе білген Черчилльдің бүкіл өмірі ұлттық тарихқа, халқына деген адалдықпен өтті.

Бұл кітапта бала Черчилльдің тағдыр жолындағы жұмбақтар шешілгенше кедергілер мен түңілістерге толы ауыр жолдардан өткендігі айтылады.




Абдрахманов С., Ермуханова Н. Тіршілік әрекетінің қауіпсіздігі. Оқу құралы. – Астана: Фолиант, 2015. – 192 б.

Оқу құралы студенттерді төтенше жағдайдың алдын алу шараларымен, қазіргі заманғы зақымдау құралдарының зақымдаушы әсерінен қорғану мен дәрігерге дейінгі алғашқы көмек көрсету және құтқару, сондай-ақ кезек күттіруге болмайтын жұмыстарды жүргізу тәртіптерімен таныстыра отырып, тіршілік әрекетінің қауіпсіздігі саласындағы теориялық ұғымдарды қалыптастыруға негіз болады.




Еркінбаева Л.Қ., Қалымбек Б., Өзенбаева А.Т. Қазақстан Республикасының аграрлық құқығы: оқу құралы. – Алматы: Қазақ университеті, 2015. – 234.

Оқу құралы «Қазақстан Республикасының аграрлық құқығы» атты оқу пәнінің негізгі институттарына арналған. Сонымен қатар аграрлық құқықтың түсінігі, әдістері, қағидалары, аграрлық қатынастарды мемлекеттік құқықтық реттеу және аграрлық өндіріс саласындағы жеке кәсіпкерлік түрлерін оқып үйренуге арналған.




Акимбеков Н.Ш. Қазақша-орысша-ағылшынша микробиологиялық сөздік = Русско-казахско-английский микробиологический словарь. – Алматы: Қазақ университеті, 2015. – 254 б.

В данном учебном пособии впервые представлен словарь микробиологических терминов на 3-х языках: казахском, русском и английском. Приложение содержит справочный материал, касающийся метаболизма микроорганизмов, единицы измерения, единственные и множественные числа микробиологических терминов, приставки и суффиксы в микробиологии, справочник Берджи по бактериологической систематике и т.п.



Идрышева С. Қазақстан Республикасының азаматтық құқығы: Оқу құралы. – Астана: Фолиант, 2015. – 248 б.

Бұл оқу құралы Азаматтық құқық саласының «Міндеттемелердің жекелеген түрлері», «Интеллектуалдық меншік құқығы» және «Мұрагерлік құқығы» бөлімдерін қамтиды. Қазақ тілінде Азаматтық кодекстің ерекше бөлімі бойынша комментарий болмауына және осы кодекстің қазақ тіліндегі мәтініндегі көптеген олқылықтарға байланысты студенттер және өзге қызығушылық білдіретін азаматтарға аталған тақырыптарды игеру қиындау болып келеді. Осы құрал тиісті салада білім алушыларға ыңғайлы, түсінікті әдістермен көмек беру мақсатында дайындалған.




Қазақ көтерілістері: Энциклопедия / Бас. ред. Ж.Н.Тойбаева. – Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 2015. – 616 б.

Қолдарыңыздағы жинақ қазақ халқының отаршылдыққа қарсы ұлт-азаттық көтерілістері мен қозғалыстарының құбылысы мен жұмбағын, тағлымы мен қортындыларын, қозғаушы күштері мен басшыларын ғылыми-ақпараттық, теориялық-методологиялық тұрғыдан зерделеуге арналған. Жинақта 18-20 ғасырлардағы қазақ даласын дүбірлеткен көтерілістер мен ұлт-азаттық қозғалыстарының кайнар көзі, дәуірлері, себептері мен салдарлары, қатысушылардың құрамы, көздеген мақсат-мұраты, бүгінгі тәуелсіздік идеясымен үндестігі дәйектелген. Сондай-ақ қазақ тарихындағы аса көрнекті тұлғалар мен өшпес тарихқа айналған оқиғалар, көтерілістер туралы әр кезеңде жазылған шығармалар және 20 ғасырдың алғашқы ширегінде орын алған алаш қозғалысының азаттық жолындағы күрес қимылдары да қамтылған.




Сағындықұлы Б. Қазіргі қазақ тілі: контактология • конфликтология. Ғылыми мақалалар жинағы. – Алматы: «Қазақ тілі» баспасы, 2015. – 320 б.

Жинаққа филология ғылымының докторы, профессор Бекен Сағындықұлының 1994 жылдан бастап жариялаған таңдаулы мақалалары енді. Олар энциклопедиялық және академиялық еңбектерде, сонымен қатар оқу-әдістемелік журналдар мен әр алуан ғылыми жинақтарда жарық көрген болатын. Тіл білімі маманы ХХ ғасырдың соңы мен ХХІ ғасырдың алғашқы он бес жылдығындағы ғылыми ізденістері арқылы тіл білімінің қазіргі жетістіктерін таныта алған.




Экскурсиятану: оқу құралы // Е.А. Абенова, О.Ж. Устенова, Б.И. Актымбаева, З.Е. Намазбаева, С.З. Сайдуллаев, Ж.А. Маженова, А. Адбанова, М.А. Сақыпбек. – Алматы, 2015. – 121 б.

Оқу құралы «5B090200-Туризм» мамандығы бойынша типтік оқу жоспары пәндерінің бейінді блогының міндетті компоненті ретінде «Экскурсиятану» оқу пәнінің бағдарламалық талаптары көлеміндегі материалдарды қамтиды. Мұнда туристік саланың маңызды компоненті ретінде экскурсияға дайындалу және жүргізу тәжірибесінің мәселелері ашылып көрсетілген.



Әбу Насыр Әл-Фараби. Қайырымды қала. – Жидебай: Халықаралық Абай клубы, 2015. – 284 б.

Кітапта ұлы ойшыл, философ Әбу Насыр Әл-Фарабидің еңбектері берілген.




Абишев К.С. Қазақтың ұлттық ойындары. – Алматы: Нур-Принт, 2015. - 142 б.

Кітапта осы уақытқа дейін толыққанды тәрбие құралы ретінде танылмай жүрген қазақтың ұлттық ойындары, олардың түрлері мен тәрбиелік маңызы сөз болады.




Абишев К.С., Теміров Н.Б. Қазақтың ұлттық спорт түрлері. – Алматы: Нур-Принт, 2015. – 184 б.

Кітапта осы уақытқа дейін толыққанды тәрбие құралы ретінде танылмай жүрген қазақтың ұлттық ойындары, олардың түрлері мен тәрбиелік маңызы туралы сөз болады.



Есенғалиева Қ.С. Экономикалық теория: Оқулық. – Алматы: Экономика, 2015. – 576 б.

Оқулықта экономикалық теорияның негізгі мәселелері, түсініктері мен санаттары терең және толығымен жүйелі түрде мазмұндалған. Олар тек теориялық аспектіде ғана емес, сонымен қатар экономикада жүріп жатқан микро-макроэкономикалық үдерістерді ескере отырып, үлгілерді талдау арқылы, мысалдармен түсіндірілген. Теориялық және оқу әдістемелік материалдар математикалық, аналитикалық және графиктік талдаумен толықтырылған.




Пірәлиев С.Ж., Симтиков Ж.Қ., Кузнецов Е.А., Нұрпейіс Т.Ә. Ұлы Дала дипломатиясы: Оқулық. – Алматы: Абай атындағы ҚазҰПУ: «Ұлағат» баспасы, 2015. – 216 б.

Бұл оқулықта Ұлы Дала дипломатиясында отырған егеменді Қазақстанның жетістіктері сараланады.



Қадырбаев А.К., Кешеуов С.М., Қадырбаев Д.А. Сұйықтар мен газ механикасы, гидро-пневмо және электр жетектері: оқулық. – Алматы: Бастау, 2015. – 464 б.


Заманымыздың көлік техникасы мен технологиясының дамуына байланысты болашақ техника саласының инженерлерін білікті мамандандыру үшін «Сұйықтар мен газ механикасы, гидро-пневмо және электр жетектері» оқулығын ұсынамыз.



Мектеп-тегі Аманқос Құлтанұлы. Көсемсөздің көсемі: монография. – Алматы: Қазақ университеті, 2015. – 384 б.

Зерттеу еңбекте көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері, әмбебап ғалым, көп қырлы талант, көсемсөз шебері Халел Досмұхамедұлының (1883-1939) өмір жолы мен шығармашылық қызметінің көпшілікке бұрын беймәлім болып келген тұстарынан кең мәлімет беріліп, ғылыми талдау жасалған.

Еңбекте Мәскеу, Санкт-Петербург, Ташкент, Алматы қалаларының кітапхана мен мұрағат қорларында сақталған Халел Досмұхамедұлына қатысты қыруар құнды деректер мен XX ғасырдың басындағы мерзімді баспасөз бетінде жарияланған оның төл туындылары зерттеу жұмысының негізгі нысанына айналды.



Мәнбазарұлы О. Құралайым. Таңдамалы өлеңдер жинағы. – Алматы: Дүниежүзі қазақтары қауымдастығының «Атажұрт» баспа орталығы, 2015. – 288 б.

Қытайдағы қазақ поэзиясының белгілі өкілдерінің бірі Орынғазы Мәнбазарұлының Қазақстанда жарық көріп отырған екінші кітабы. Арқалы ақынның бұл жинағына енген лирикалық жырларына туған жер мен табиғат, махаббат пен адамгершілік тақырыптары арқау болған.

Айшықты бояуы мен сырлы сезімімен оқырман көңілін баурап алатын ақын шығармалары Қытай елінде бірнеше кітап болып жарық көрген. Қаламы төселген, ойы терең, тілі бай ақын, өмірден көргені мен түйгендерін көркем образдарды әдемі суреттей көз алдымызға әкеледі.




Тоқтабаева Ә.Қ., Тумабаева А.М. Полимерлі материалдардың сапасын бақылау. – Алматы: Қазақ университеті, 2015. – 111 б.

Оқу құралында жартылай фабрикаттардың технологиялық бақылаудың ерекше үдерістері, бастапқы шикізаттың физика-технологиялық параметрлерін және көлемдік сипаттамаларын өлшеу, өңдеу алдында бастапқы заттың кіріс бақылауын жүргізу мәселелері, сонымен қатар полимерлі материалдардың идентификациялау әдістері келтірілген.




Мамырбекова Г.М. Қазақ тілі (тереңдетілген деңгейге арналған). – Алматы: ТОО «Издательство LEM», 2015. – 176 б.



Бопышева К. Қазақ тілі: Оқу құралы. – Астана: Фолиант, 2015. – 176 б.


Деңгейлеп оқыту арқылы коммуникативтік құзіретін қалыптастыру бағытында, қазақ тілінде еркін қарым-қатынас жасай алатын, сөйлеу дағдыларын дәйектеуіне көмектесетін, танымдық мәні бар әрқандай құрылымы мен мақсатты бірыңғай оқу материалдар, мәтіндер қамтылды.



Жұмажанова Ф.Т. Қазақ әдебиетіндегі шариғат негіздерінің көрінісі: монография. – Алматы: Қазақ университеті, 2015. – 206 б.


Монография XIX-XX ғасырдағы қазақ әдебиетіндегі шариғат негіздерінің көрінісін зерттеуге арналады.

Ғылыми еңбекте қазақ әдебиетіндегі шариғат негіздерінің көріністері, діни салаға арналып жазылған зерттеу еңбектер зерделенеді. Қазақ әдебиетінде Құран Кәрім сюжеттерінің берілу жүйесі, діни сарындар анықталып, кешенді түрде сараланады.



Елубаев Е. Төрт түлік сөздігі. (Төрт түлік жайлы өлеңдер, есептер, ертегілер, жұмбақтар, жаңылтпаштар және т.б.). – Алматы: Алматыкітап баспасы, 2015. – 184 б.

Кітапқа төрт түлік жайлы әдеби көркем шығармалар топтастырылған. Дүниежүзіндегі ең малсақ халық - қазақтар екені ежелден белгілі. Оқырмандарға аңғартары мол, танымдық, тәлімдік мәнге ие, туындылар автордың бұрын жазған, соңғы кезде жазған туындыларынан іріктеліп алынды.



Көпбалина К. Кәсіптік қазақ тілі (Электрлік және электрлі механикалық жабдықтар мамандығы бойынша «техник-электрик» біліктілігіне арналған): Оқу құралы. – Астана: Фолиант, 2015. – 96 б.


Қоғамымыздағы өзгерістерге байланысты республикамызда білім беру жүйесіндегі қайта құрулар, орта оқу орындарында кәсіптік қазақ тілінің оқытыла бастауы қазіргі заман талап етіп отырған қажеттілік.



Ысқақ М. Көңіл күнделігі (естеліктер, хаттар, қолжазбалар). – Алматы: «Арыс» баспасы, 2015. – 208 б.

Бұл кітаптың алғашқы бөлімінде танымал ақын-драматург, ғалым-ұстаз, профессор Марат Ысқақпен көзі тірісінде серіктес, қанаттас жүрген әріптестерінің, дос-жарандарының оған деген жүрекжарды ықылас-пейілдері жыр жолдары мен көркемсөз арқылы әсем кестеленген.


Екінші бөліміне М.Ысқақов бақилық болғаннан кейін ол туралы ақындар, ғалымдар, журналист-шәкірттері қимастықпен толғаныстарын білдіріп жазған өлеңдері, мақалалары, естеліктері және ақын-ұстаздың 1991-1998 жылдар аралығында жазған күнделігі еніп отыр.



Сатанов С. Сағым дүние. – Алматы: «Арыс» баспасы, 2015. – 352 б.

Өмірден ертерек кеткен ақын Серік Сатановтың артында өлмес сөзі қалды. Отан-ана мен отбасы аралықта алуан тақырыпты тілге тиек еткен ақын жырларының ауқымы кең.

Жинақта ақынның туған ортасы, ондағы сан алуан адамдар, шежіре-тарих туралы толғаныстары жыр тілінде сәтті өрнек тапқан.



Ысқақұлы С., Сейітжанұлы З., Шортанбаев Ш.А. Қытайдағы қазақ әдебиеті дамуының алғашқы кезеңі: монография. – Алматы: Қазақ университеті, 2015. – 249 б.

Еңбекте Қытайдағы қазақ әдебиетінің қалыптасу, даму тарихында өзіндік орны, бағыты, көркемдік сипаты бар тұтас бір дәуірі ғылыми тұрғыдан жүйеленіп, көрнекті өкілдерінің шығармашылығы кеңінен қарастырылады.


Зерттеуде Қытай қазақ әдебиеті дәстүр мен жаңашылдық тұрғысынан қарастырылып, аталмыш дәуір әдебиетіндегі фольклорлық үлгілер, айтыскерлік дәстүрдің қыр-сыры, Абайдың Қытайдағы қазақ әдебиетіне ықпалы сараланады.



Тіршіліктің темір қазығы. – Алматы: «Арыс» баспасы, 2015. – 264 б.

Жинақта ата-ана мен отбасы туралы ислам қағидаттары, халық даналарының, мемлекет және қоғам қайраткерлерінің аналар туралы ой толғамдары, баланың ата-ана алдындағы парызы, қазақ тарихында із қалдырған аналар туралы мәліметтер берілген.

«Анадан асыл бар ма екен», «Тарихтан жеткен тәбәрік», «Рухпен сырласу», «Есте қалар естеліктер», «Бабалар жүрген текті ізбен» атты бөлімдерден тұратын еңбекте Сыр өңіріне танымал қайраткер-ана Еркесары Адранова (1939-2014) туралы естеліктер қамтылған.




Сәрсекеева А.С. Математикалық физика теңдеулері: оқу құралы. – Алматы: Қазақ университеті, 2015. – 120 б.

Оқу құралында математикалық физиканың теңдеулері курсының негізгі тараулары бойынша теориялық материалдар қысқаша баяндалған және есептердің шығарылуы толығымен көрсетілген. Оқу құралында ішек тербелісі және жылу өткізгіштік теңдеудің шығарылуы, теңдеулердің классификациясы, оларды канондық түрге келтіру, теңдеулердің шешімін құрғандағы ең жиі қолданылатын әдістер - Даламбердің сипаттауыштар әдісі, Фурье әдісі, интегралдық түрлендірулер әдісі, Грин функциясының әдісі берілген.



Комаров Ф.Ф., Тоғамбаева А.К., Ақылбеков Ә.Т., Тоғанбаева Л.К. Материалдарды ионды және фотонды өңдеудің физикалық негіздері: оқу құралы. – Алматы: Қазақ университеті, 2015. – 272 б.

Оқу құралында қатты денелер мен ионды шоктардың өзара әсері физикасының заманауи түсініктері қарастырылған. Кристалдық тор дефектерінің пайда болуы және оларды босандату, байыту атомдарының берілген түрде үлестірілу профилдерінің қалыптасу процестері айқындалған. Материалды ионды және фотонды өңдеуге және ионды имплантталған қабаттардың қасиеттерін өзгертуге арналған заманауи техникалық құрал-жабдықтар жөнінде мәліметтер келтірілген. Заманауи микроэлектроника және қатты денелі электроника технологияларында ионды және фотонды өңдеудің қолдануы қарастырылған.




Ахтаева Н.С., Абдигапбарова А.И., Бекбаева З.Н. Әлеуметтік психология: оқу құралы. – Алматы: Қазақ университеті, 2015. – 475 б.

Оқу құралында әлеуметтік психология пәнінің теориялық негіздері, құрылымы, әдіснамалық негізі, зерттеу салалары, әлеуметтік психологияның Кеңестер одағы мен шетелдегі даму тарихы, тұлға және қоғам, әлеуметтік бағдарлау мен әлеуметтік ілкі нанымдар, ілкі нанымдардың теориялық бағыттары, тұлға теориялары және т.б. мәселелер қарастырылады.



Жаңабаев З.Ж., Саймбетов А.К., Джапашов Н.М. Күн батареясы: оқу құралы. – Алматы: Қазақ университеті, 2015. - 99 б.


Бұл оқулықта радиотехника, электроника және телекоммуникация мамандығының студенттеріне Шала өткізгіштік электрониканың физикалық негіздері, Электроника негіздері және Оптоэлектрониканың физикалық негіздері пәндері үшін күн батареясынан негізгі теориялық материалдар және зертханалық жұмыстар қарастырылған.



Қожа Ахмет Иасауи Әзірет Сұлтан. Көңілдің айнасы (Мир'ат әл-Кулуб). – Алматы: «Қазақ энциклопедиясы» баспасы, 2015. – 112 б.


Ислам ғұламасы, әулие Қожа Ахмет Иасауи - Әзірет Сұлтанның сопылы көзқарастарының «Мир'ат әл-Кулуб» (Көңілдің айнасы) жинағын орта ғасырларда ғұламаның шәкірттері жазып қалдырған.

Шариғат, тариқат және хақиқат деген үш бөлімнен тұратын еңбек Қожа Ахмет Иасауи ілімі - адамның рухани жетілуі мен таза адамдық қасиеттерге жетелейтін ерекшеліктерге ие, ислам мәдениеті аясында өмірге келген сопылық дүниетанымның қайнар көздерінің бірі.




Доғалов А.Н., Досмағанбетов Н.С. Қазақ ойшылдарының ғылыми еңбектеріндегі экономикалық теорияның негізгі мәселелері. – Астана: Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, 2015. – 179 б.

Монография «Экономикалық теория», «Экономикалық теория негіздері» және қолданбалы экономикалық пәндердің курстары бойынша оқу әдебиетін толықтырады, өйткені, білім алушыларға зерттелетін материалды терең ұғынуына мүмкіндік бере отырып, келтірілген ұсыныстары бар жекелеген тақырыптар бойынша атақты қазақ ойшылдарының бұрын жарияланған еңбектерінен қамтылған хрестоматиялық материалды құрайды.




Сабденова Г.Е. Қазақ хандығының қалыптасу тарихнамасы: монография. – Алматы: Қазақ университеті, 2015. – 206 б.

Бұл еңбекте қазақ халқының қалыптасуы, Қазақ хандығының тарих сахнасына шығуы, қазақ мемлекеттілігінің орнығуы, хандықтағы ұлттың ұйысуы, этникалық құрамы, этникалық аумағы, билік институттары секілді отандық тарихнамадағы көкейкесті мәселелерге тыңғылықты талдау жасалынады. XV-XVI ғасырлардағы Қазақ хандығының алуан түрлі мәселелеріне арналған ғылыми ізденістердегі көзқарастар мен пайымдаулар проблемалық-хронологиялық принцип негізінде сарапталынады.




Жахатов М. Құлпытастар сөйлейді. – Алматы: «Арыс» баспасы, 2015. – 342 б.

Кітапта Батыс Қазақстан облысының Бөкей ордасы және Жаңақала аудандарының аумағында орналасқан көне құлпытастар жан-жақты зерттелген. Авторы - Жаңақала аудандық мешітінің бас имамы Мұратбек кажы Жахатов.



Көптілеуова Д.Т. Әлем әдебиеті: оқулық. – Алматы: Қазақ университеті, 2015. – 340 б.

Оқулықта Әлем әдебиеті дамуы ежелгі кезеңдерінің фольклорынан бастап жиырмамыншы ғасыр әдебиеттерін қоғамдық-тарихи, мәдени-әлеуметтік жағдайлармен байланыстыра көрсетіледі. Оқулық оқушылардың білімін тереңдетіп қана қоймай, ғылыми-теориялық көзқарасын жетілдіруге және ой-пікірін түйіндеуге септігін тигізеді.




Қарабаева Х.Ə. Кәсіби бағдарлы қазақ тілі: құқықтану саласына арналған оқулық. – Алматы: Қазақ университеті, 2015. – 196 б.

«Кәсіби бағдарлы азақ тілі» оқулығы екі бөлімнен тұрады. Бірінші бөлімде қазақ тіліндегі дыбыстар жүйесінің жалпы сипаттамасы, қазақ тіліне тән дыбыстардың жазылу-айтылу ерекшелігі, сөз құрамы, жалғаулар, етістіктің шақ категориясы туралы негізгі мәліметтер қысқа әрі жеңіл берілген.


Екінші бөлімде құқық қорғау органдары қызметіне тікелей қатысты іс қағаздарының үлгілері берілген.

Оқулықтың соңында қазақша-орысша пәрменді (актив) сөздік түзілген.



Борбасова З.Н., Улақов С.Н., Осик Ю.И. Маркетингтік зерттеулер: Жоо-ның экономикалық мамандықтарында оқитын студенттерге арналған оқулық. – Қарағанды: ҚарМУ баспасы, 2015. – 339 б.

Оқулықта маркетингтік зерттеулердің негізгі теориялық-әдістемелік мәселелері, сондай-ақ оларды тәжірибеде қолданудың бағыттары қарастырылған. Маркетингтік зерттеулердің мазмұны мен әдістері ашып көрсетілген. Тауарлар мен қызмет көрсетулер, тұтынушылар, бәсекелестер, баға белгілеу, тауарларды жылжыту жөніндегі қызмет нарығына маркетингтік зерттеулер жүргізу кезінде қолданылатын, әлеуметтану, сараптамалық және өзге де әдістерге сипаттамалар берілген және талданған.




Жалпы психология: оқу құралы / Ә. Алдамұратов, Қ. Рақымбеков, М. Банаева, Г. Нығыметова, Ж. Түрікпенов. – Алматы: Нур-Принт, 2015. – 236 б.

Адам жан дүниесінің қилы-қилы қыр-сыры мен тіршілік әрекетін зерттейтін психология ғылымының сан-салалы екендігі айқын. Жантану жайындағы бірден-бір жетекші ғылым болғандықтан, оның қарастырар мәселелері қашан да маңызды.



Мамырбекова Г.М. Қазақ тілі (жалғастырушы деңгейге арналған). – Алматы: ТОО «Издательство LEM», 2015. – 164 б.

Бұл оқулық орыс тілді аудиториялардың жалғастырушы деңгей топтарына арналған.




Зүкенұлы М. Әлемнің құдірет күші - Аналар. – Алматы: Қазақ университеті, 2015. – 208 б.

Көрнекті қаламгер, Қазақстан Журналистер Одағының мүшесі, ақын, педагог Мәуітқазы Зүкенұлы Омартегі бұған дейін де оннан аса кітабы жарық көрген жұртқа танымал жазушы. Тек өткен жылы ғана «Әлемнің құдірет күші - аналар» кітабының біріншісі көпшілік оқырман қолына тиіп, жоғары бағаға ие болды. Енді міне, тың тақырып, тек бірыңғай қазақтың батыр қыздары мен көп балалы Батыр аналары, тыл, еңбек ардагерлері, өнер иелеріне арналған екінші жинақ шығып отыр.




Мусиралиева Ж.Ж. Кәсіби қазақ тілі. Жоғары оқу орындарының «Туризм» мамандығына арналған оқу құралы.– Алматы: «Издательство LEM», 2015. – 188 б.

Оқу құралы жоғары оқу орындарындағы "Туризм" мамандығы бойынша орыс топтарына кәсіби қазақ тілі пәнін оқытуға арналған. Аталмыш еңбек студенттердің ауызша және жазбаша тілін дамытуға және оларды еркін сөйлетуге, сауатты жазуға бағытталған. Оқу құралы соңында туризм саласының қазақша орысша анықтама сөздігі мен қосымша сөздік беріліп, өз бетінше аудару мәтіндері топтасырылған.




Назарбаев Нұрсұлтан / Ред.басқ.: Ғ.М.Мұтанов; Әл-Фараби атынд. ҚазҰУ. - Алматы: Қазақ университеті , 2015. - 387 б.

Бұл кітапта көрнекті саясаткер, Тәуелсіз Қазақстан мемлекетінің негізін қалаушы, Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті, Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың балалық, жастық шағы жайындағы естеліктері, тарихи-танымдық, руханият туралы шығармалары, жастарға арнаған лекциялары, сөйлеген сөздері, Қазақстан халқына жолдауы топтастырылған. Сонымен бірге әлемдік мемлекет басшыларының, дипломаттардың, қоғам және дін өкілдерінің ыстық лебіздері, құттықтаулары жинақталған. Елбасының көптеген қырларын айшықтайтын белгілі мемлекет, қоғам, ғылым қайраткерлерінің мақалалары, өмірі мен қызметінен сыр шертетін мұрағат құжаттары мен фотосуреттер берілген.




Абишев К.С., Қыдырбай М.Ш. Ұлы аламан бәйге. Оқу құралы. – Алматы: Нур-Принт, 2015. – 100 б.




Физикалық гидро - және аэродинамика: арнайы физикалық практикум / С.И. Исатаев, Ә.С. Асқарова, С.Ә. Болегенова, Ғ. Төлеуов, О.А. Лаврищев, М.С. Исатаев, А.Л. Шакиров, Ж.К. Шортанбаева, С.Ә. Бөлегенова, Р.Қ. Манатбаев, А.М. Мақсұтханова, Қ.А. Есеналина. - Алматы: Қазақ университеті, 2015. - 192 б.

Аталған басылымда әрбір зертханалық жұмыста қысқаша теориялық кіріспе, эксперименттік қондырғының сипаттамасы, жұмыс тапсырмасы, сондай-ақ эксперименттерді жүргізу әдістемесі мен олардың нәтижелерін өңдеу қамтылған.




Халменова З.Б., Жүсіпова Ғ.Е. Органикалық синтездің химия-технологиялық процесінің теориясы: оқу құралы. – Алматы: Қазақ университеті, 2015. – 202 б.

Бұл оқу құралында органикалық синтездің химия-технологиялық процесінің теориясы ерекшеліктерімен сәйкес шикізатпен қамтамасыз ету жолдары, негізгі және нәзік органикалық синтездің өнімдерін алу, пайдалану аясы қарастырылған.




Уварова А.К., Жұмаділов А.Р. Туристтік карталарды құрастыру: оқу құралы. – Алматы: Қазақ университеті, 2015. – 158 б.

Ұсынылып отырған оқу құралында туризм саласында қолдануға қажетті туристік картографияның негіздері, оның теориялық және тәжірибелік мәселелері қарастырылған. Тақырыптық картографияның аталған бағытының даму тарихына, картографиялық бейнелеу әдістеріне, туристік карталарды құрастыру әдістемелігіне, туризмді атластық картографиялау мәселелеріне ерекше назар аударылған. Сондай-ақ, жаңа компьютерлік және ақпараттық технологияларды туристік картографияда, жалпы туризм саласында пайдалану мәселелері қарастырылған.




Молекулалық физика. Жалпы физикалық практикум / С.И. Исатаев, Ә.С. Асқарова, С.Ә. Бөлегенова. - Алматы: Қазақ университеті, 2015. - 160 б.

Практикум университеттердің жалпы физика курсы бойынша бағдарламасына сәйкес жазылған. Жалпы физика курсының молекулалық физика бөліміне арналған он лабораториялық жұмыс қамтылған. Әрбір жұмыста қысқаша теориялық материал, эксперименттік құрылым және жұмыс тапсырмалары мен әдістемесі, алынған эксперименттік деректерді өңдеу жолдары келтірілген.



Ұлттық құндылықтар - құқықтық тәрбиенің бастауы: хрестоматия / Құраст. А.Н. Ағыбаев. - Алматы: Қазақ университеті, 2015. – 92 б.

Тәрбиелік маңызы бар хрестоматияда билердің әділ билігі, Қазақстанның тұңғыш президенті Н.Ә. Назарбаевтың тәрбиелік мәні бар ұлағатты тұжырымдары, қазақ елінің дәстүрлері, әдет-ғұрыптары көрсетілген.




Мұнай және газ химиясының практикумы: оқу құралы / Ж.Қ. Қайырбеков, Е.А. Әубәкіров, Ж.Х. Ташмұхамбетова, Ж.К. Мылтықбаева, Н.Т. Смағұлова. - Алматы: Қазақ университеті, 2015. - 116 б.

Оқу құралының мазмұнында мұнайды, мұнай фракцияларын, табиғи және мұнайға серіктес газдарды өндіріске дайындау технологиясының теориялық және тәжірибелік сұрақтары — мұнай және мұнай өнімдерінің құрамындағы күкірт, су мөлшерін, күлділікті, тығыздықты, тұтқырлықты, сыну көрсеткішін, қату температурасын; газдың ылғалдылығын және ауа бойынша газдың тығыздығын анықтау қамтылған.



Смағұлова Н.Т. Мұнай өндеудегі каталитикалық процестер: оқу құралы. - Алматы: Қазақ университеті, 2015. - 101 б.

Оқу құралында қазіргі мұнай өңдеу өндірістерінде қолданылатын каталитикалық процестердің теориялық негіздері, процесті басқару параметрлері және катализаторлары жайлы мағлұматтар берілген.




Алимбеков С.А. Патологиялық физиология және патологиялық анатомия: Пәнімен практикалық сабақтарға арналған. Оқу - әдістемелік құрал. – Алматы: Нур-Принт, 2015. – 185 б.

Оқу құралында аурудың, патологиялық процестердің пайда болу себептерін, даму жолдарын, аурудың барысы мен аяқталуын анықтау үшін жануарларды клиникалық бақылау, патологиялық процестерді модельдеу арқылы әртүрлі тәжірибелер және патологиялық процестер кезіндегі макроскопиялық және микроскопиялық өзгерістер көрсетілген.



Асамбаев А.Ж. Термодинамиканың тәжірибелік негіздері: оқу құралы. – Алматы: Бастау, 2015. – 304 б.

Оқу құралында термодинамиканың негізгі қағидалары мен заңдары, идеал газбен жүргізілетін негізгі термодинамикалық үдерістер баяндалған. Ылғалды ауа туралы ақпарат берілген. Газдар мен бу ағындарының термодинамикасы сипатталған. Жылу және тоңазытқыш машиналардың кезеңдері туралы мәліметтер келтірілген.



Бадавамова Г.Л., Алимжанова М.Б. Түсті металдар технологиясы және оның өнімдеріне аналитикалық бақылау жүргізу: оқу құралы. – Алматы: Қазақ университеті, 2015. – 141 б.


Оқу құралында Қазақстан Республикасында өндірілетін түсті металдардың негізгі шикізат көздері, оларды байыту тәсілдері, металлургиялық қайта өңдеудің негізгі үдерістері, түсті металдар шикізаттарын комплексті қайта өңдеу және оның экологиялық мәселелері қарастырылады. Бірқатар түсті металдарды (мыс, қорғасын, алюминий, титан) өндіру технологиялары және оларды байытудың соңғы өнімі - концентраттың құрамына аналитикалық бақылау жүргізу әдістемелері беріледі.



Романова С.М., Ниязбаева А.И. Табиғи сулар химиясы: оқу құралы. – Алматы: Қазақ университеті, 2015. – 187 б.


Оқу құралында гидрохимияның - табиғи сулардың (атмосфералық жауын-шашындар, өзен, көл, су қоймалары, теңіз, мұхит, жерасты сулары) химиялық құрамының қалыптасуы, метаморфизациясы және режимі туралы ғылыми көптеген мәліметтер жинақталып берілген.

Табиғи суларды физика-химиялық зерттеудің әдіснамасы мен әдістемелері, халық шаруашылығының әртүрлі салаларында табиғи суларды қолдану үшін олардың химиялық құрамы туралы мәліметтер келтірілген.




Абдурахман Рафәт Әл-Бәшә Табиғиндер өмірінен өнегелер. – Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 2015. – 240 б.

Кітап сахабалардан кейінгі буын, сахабалар ізбасарлары болған табиғиндер өмірінен алынған өнегелерді қамтиды. Кітапта мәшһүр отыз табиғиннің өмірбаяны жазылған.




Қамзин К. Публицистика жанрларының эволюциясы: оқу құралы. – Алматы: Қазақ университеті, 2015. – 425 б.

Оқу құралында ұлттық көсемсөз жанрларының даму өрісі, өзіне тән сипаттары, кеңістік пен уақыт аясында өсіп-өркендеуі әлеумет еңселенуі және жаратылыс үдерісі контекстінде қарастырылады. Публицистика жанрларының пайда болуы, орнығуы, дәстүрлі жүйеге айналуы, оның жаңа жіктелім түрлері мен пішіндері масс-медиа мәтіндерінің динамикалық көрінісі, ақпарат алаңындағы ұлттық құбылыс ретінде тұжырымдалады, журналистика жанрлары формаларының түрленуі заманалы сана мен ғылым жетістігі, медиастратегия биігінен сараланады.




Қаржаубаев К.Е. Стандарттау, сертификаттау және сапаны басқару: оқу құралы. – Алматы: Нур-принт, 2015. – 314 б.

Аталған оқу құралы стандарттау, сертификаттау және сапа менеджмент жүйесін өндіріске енгізу туралы статистикалық анықтамалар және ақпараттық материалдарға негізделіп жазылған. Оқу-құралында жаңа халықаралық ИСО стандарттары, менеджмент жүйелері, нормативтік құжаттар, техникалық регламенттер туралы мәліметтер бар.




Көкебаева Г.К., Мұхатова О.Х. Тарихи түсініктер мен терминдер сөздігі. – Алматы: Қазақ университеті, 2015. – 55 б.

Көмекші оқу құралында дүниежүзі тарихы, тарихнама, деректану, тарихи үдеріс және тарихи таным теориясы пәндері бойынша түсініктер мен терминдердің маңызы, оларды пайдалану әдістері және анықтамалары берілген. Көмекші оқу құралының құрылымы студенттерді қазіргі заманғы тарих ғылымының ғылыми-категориялық аппаратымен таныстыру, тарихи үдерістің негізгі мәселелерінің қазіргі зерттелу дәрежесіне орай қалыптасқан тарихи түсініктер мен терминдерді игертуге, оларды өзіндік ой қорытуға дағдыландыру міндетіне бағындырылған.




Орталық Азия көшпелілері өркениетінің тарихы. 1-т. Орталық Азия көшпелілері: этнотерриториясы мен мемлекеттілігінің мәселелері: монография / Жауапты ред. Т. Омарбеков. – Алматы: Қазақ университеті, 2015. – 1-том. – 380 б.

«Орталық Азияның дәстүрлі өркениеттерін зерттейтін» республикалық ғылыми орталықтың ғылыми-қолданбалы бағдарламасы» бойынша жарық көріп отырған «Орталық Азиядағы көшпелілер өркениеті» атты ұжымдық монографияның бірінші томында ерте ортағасырлардан ХІХ ғасырларға дейінгі кезеңдегі көшпелілерінің этноаумағының қалыптасуы, мемлекеттік эволюциясы, әскери өнерінің мәселелелері қамтылған. Сондай-ақ, зерттеудің бір бөлігі көшпелілердің Ресей құрамындағы империялық басқару жүйесіне тартылуын, отарлық басқару жүйесінің қалыптасуы мен ерекшеліктерін және салдарларын талдауға арналған.




Айтхожин М. Өнегелі өмір / Под ред. Г.М. Мутанова. - Алматы: Қазақ университеті, 2015. – Вып. 68. - 304 с.

Книга посвящена доктору биологических наук, академику, лауреату Ленинской премии, основателю Института молекулярной биологии и биохимии АН КазССР, основателю научной школы молекулярной биологии в Казахстане - Мурату Абеновичу Айтхожину. В данной книге вниманию читателей представлены архивные материалы, воспоминания известных ученых, современников, учеников и родных о Мурате Абеновиче Айтхожине, а также фотоматериалы разных лет.



Құсайынов С.А., Боранқұлова Д.М. Неотектоника және жер бедері: оқу құралы. - Алматы: Қазақ университеті, 2015. - 400 б.

Өңделіп, толықтырылған оқу құралында неотектоника туралы жалпы түсінік, неотектоникалық қозғалыстардың түрлері, жіктемесі, зерттеу әдістері, олардың табиғаты және ерекшеліктері қарастырылған. Неотектоникалық карталарды құрастыру әдістері және Қазақстан аумағындағы неотектоникалық қозғалыстардың қысқаша сипаттамасы берілген. Қазіргі тектоникалық қозғалыстарға байланысты бүгінгі таңда жиі болып жатқан жер сілкіну құбылыстары, олардың географиялық таралу заңдылықтары сипатталған.




СИЯР ШӘРІП. Отбасы хрестоматиясы / Құраст. С. Керімбай, Ә. Нәби, М. Төлеген, А. Тасболат. – Алматы: «Орхон» Баспа үйі, 2015. – 336 б.

Бұл кітапта Мұхамбет пайғамбардың қиссалары қазақ дүниетанымы бойынша баяндалған. Сонымен қатар пайғамбарға салауат айту хикаялары, жыраулардың пайғамбарға арнаулары, әулие ғұламалардың пайғамбар туралы тебіреністері берілген. Кітапта фольклорлық жанрдан бөлек Батыстың академиялық зерттеу тәсілімен жазылған Мұхамбет пайғамбар мен Батыс әлеміндегі оған деген көзқарас жайлы аударма еңбек те орын алған.




Дүйсенбаев А. Тәрбие теориясы мен әдістемесі: Оқулық. – Астана: Фолиант, 2015. – 320 б.

Бұл оқулық тәрбие жұмысын ұйымдастыруға негіз болатын теориялық мағлұмат беруді көздейді. Оқулық мазмұнында дәрістер, практикалық сабақтар мен өзіндік жұмыс тапсырмалары, емтихан сұрақтары берілген.




Жұмағұлов Қ.Т., Мырзабекова Р.С. Орта ғасырлар тарихы: оқ құралы. – Алматы: Қазақ университеті, 2015. – 254 б.

Еуропаның орта ғасырлар тарихына арналған оқу құралы оқытудың кредиттік технологиясы негізінде білім беру жүйесінің типтік бағдарламасына сай жазылған. Батыс елдері дамуының орта ғасырлар кезеңінің үрдістері мен тарихи ұстанымдарын баяндаған.



Ланглуа Ш.-В., Сеньобос Ш. Тарихты зерттеуге кіріспе: монография / Фр. тіл. ауд. А. Серебрякова. – СПб., 1899. – 275 с. – (Образоват. б-ка. Сер. 2 (1898 г.). №3-4). Орыс тілінен ауд. Б.А. Габдулина. – Астана: Фолиант, 2015. – 280 б.


Танымал француз тарихшылары Ш.-В. Ланглуа және Ш. Сеньобостың 1898 жылы шыққан «Тарихты зерттеуге кіріспе» атты кітабы - қазіргі күннің өзінде тарихты зерттеудің методологиясы бойынша ең бір күшті құрал. Бұл кітап бүгінгі таңда да Франция, Ұлыбритания, АҚШ және басқа да көптеген мемлекеттерде қайта жарыққа шығуда. Біздің мемлекетімізде бұл еңбек алғаш рет жарыққа шығуда.



Кенжеғалиев Қ. Педагогикалық зерттеулерде математикалық статистика әдістерін қолдану. Оқу құралы/ Қ. Кенжеғалиев. - Астана: Фолиант, 2015. - 168 б.


Оқу құралы - көп жылғы ғылыми, оқытушылық тәжірибенің нәтижесі. Студенттердің, мұғалімдердің, ізденушілердің педагогикалық ғылыми жұмыстарының нәтижелерін математикалық статистика әдістері арқылы өңдеуге арналған көмекші оқу құралы.

Оқу құралында қысқаша математикалық теориялар берілген, практикалық мысалдар келтірілген, әр түрлі критерийлердің пайдалану әдістемелері көрсетілген.



Ибылдаев М.Х. Мұнай газ ұңғыларын ағымдағы және күрделі жөндеу технологиялары Оқу құралы. – Алматы, 2015. – 364 б.

Оқу құралында ұңғыларды ағымдағы және күрделі жөндеу кезіндегі орындалатын жұмыстардың негізгі түрлері, негізгі технологиялық үрдістер және жөндеу кезіндегі қолданылатын құрал-жабдықтардың конструкциялары келтірілген.



Серікбаева А. Өнеркәсіптік экология. Оқу құралы. – Астана: Фолиант, 2015. – 224 б.


Оқу құралында өнеркәсіптің әр түрлі бөлімдері және олардағы экологиялық мәселелер қарастырылған. «Адам – өнеркәсіп - табиғат» жүйесіне талдау жасалып, қоршаған ортада зиянды заттар мен қалдықтардың түзілу көздері, оларды утилизациялау және жою әдістері келтірілген. Атмосфера, гидросфера және литосфера ресурстары жіктеліп, олардың сапасы талқыланған.



Физика әлемі: Пәндік энциклопедия / Бас ред. Ж.Тойбаева. – Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 2015. – 1-том. – 672 б.


«Физика әлемі» пәндік энциклопедиясы – ана тілімізде тұңғыш рет шығарылып отырған 2 томдық жинақ. Энциклопедияда әрбір ұғым мен түсінік кең ауқымды, егжей-тегжейлі, терең мазмұнды болып баяндалып, физикалық құбылыстардың құпия сырлары қалыптасқан теория аясында түсіндірілген.

Табиғат құбылыстарының (мысалы, найзағай, аспанның күркіреуі, кемпіркөсақ, Күннің, Айдың құлақтануы, поляр шұғыласы, сағым, т.б.) пайда болуын білгісі келетін физика әуесқойларының және көпшілік оқырманның танымдық білімін арттырады.




Алашабаева Ұ.Н. Материалдарды өңдеу технологиясы: Оқу құралы. – Астана: Фолиант, 2015. – 136 б.

«Материалдарды өңдеу технологиясы» пәніне арналған оқу құралы жоғары оқу орындарының, кәсіптік-техникалық колледж студенттеріне арналған. Ұсынылған оқу құралында тігін бұйымдарын әзірлеудің негізгі кезеңдері баяндалып, қол жұмыстарына арналған құрал-жабдықтардың және қол машина тігістерінің құрылымы, дымқылды - жылумен өңдеу жұмыстарының түрлері қарастырылады.



Асанов Ж., Әбдіхалықов Н. Педагогиканың ғылыми-зерттеу әдістері. Оқу құралы. – Астана: Фолиант, 2015. – 120 б.

Оқу құралында ғылыми ізденістің әдістемелік негізі, ғылыми аппараты, әдістер жүйесі, оқу және тәрбие практикасына педагогикалық зерттеу нәтижесін ендіру мәселелері қарастырылған. Магистранттар мен студенттердің шеберлігін арттыру үшін семинарлық, зертханалық жұмыстардың әдістемесі берілген.




Баешов Әбдуәлі Баешұлы: Биобиблиографиялық көрсеткіш / Бас ред.: М.Ж. Жұрынов; Жаупаты ред.: Б.Э. Мырзабеков; ҚР БҒМ ҰҒА Д.В. Сокольский атынд. жанармай, катализ ж/е электрохимия ин-ты АҚ «Ғылым Ордасы» РМК ғылыми кітапханасы. – Алматы, 2016. – 360 б.

Қазақстан ғалымдарының биобиблиографиясы сериасының жалғасы болып табылатын бұл көрсеткіш Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым, техника және білім саласы бойынша Мемлекеттік сыйлығының лауреаты, Қазақстан Республикасының Ұлттық жаратылыстану ғылымдары академиясының академигі, Қазақстан Республикасының Ұлттық ғылым академиясының корреспондент мүшесі, химия ғылымдарының докторы, профессор Баешов, Әбдуәлі Баешұлына арналған, Биобиблиографияға ғалымның өмірі мен еңбектерін сипаттайтын мәліметтер, оның еңбектері және ол туралы әдебиеттер енгізілген.




Қойгелдиев Мәмбет Құлжабайұлы: Биобиблиографиялық көрсеткіш / Жауапты ред.: Т.О. Омарбеков; ҚР БҒМ ҰҒА Абай атынд. ҚазҰПУ Ғылым ордасы РМК Ғылыми кітапханасы. - Алматы, 2016. - 123 б.

Қазақстан ғалымдарының биобиблиографиясы сериасының жалғасы болып табылатын бұл көрсеткіш Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясының мүше-корреспонденті, тарих ғылымдарының докторы, профессор Мәмбет Құлжабайұлы Қойгелдиевке арналған. Биобиблиографияға ғалымның өмірі мен еңбектерін сипаттайтын мәліметтер, оның еңбектері және ол туралы әдебиеттер енгізілген.



Саданов Аманкелді Құрбанұлы: Биобиблиографиялық көрсеткіш / Құраст.: А.С. Балғымбаева, б.ғ.к., Б.Б. Баймаханова, б.ғ.к. Ред.алқасы: С.А.Айткельдиева,б.ғ.д., А.П.Богоявленский, б.ғ.д.; Л.Д. Әбенова (библиогр. ред.), Т.В. Вдовухина (ағылш. тілі), Ғ.И. А. Саханова, С. Майлыбай (қаз.тілі), Белгібаева (техн. ред.). – Алматы: «Ғылым ордасы» РМҚ, 2016. – 235 б.: сур.

«Қазақстан ғалымдарының биобиблиографиясы» сериясының жалғасы болып табылатын бұл көрсеткіш – ірі ғалым-биолог, талантты ғылыми ұйымдастырушы, Ғылым мен техника саласындағы ҚР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты, «Қазақстанның еңбек сіңірген кайраткері», «Құрмет» орденінің иегері, Қазақстан Ұлттық Жаратылыстану ғылымдары академиясының академигі, биология ғылымдарының докторы, профессор Аманкелді Құрбанұлы Садановқа арналған.




Абасилов А. Әлеуметтік лингвистика сөздігі. – Алматы: «Palitra Press» баспасы, 2016. – 168 б.

Сөздікте тіл білімінің жаңа бір саласы әлеуметтік лингвистиканың өзекті мәселелеріне өзіндік ұғым, түсініктері мен негізгі терминдеріне түсінік беріледі. Мұнда сондай-ақ тіл ғылымы туралы, тілдің табиғаты, даму заңдары, салалары, әлем тілдері туралы қысқаша мәліметтер беріледі.



Абасилов А. Әлеуметтік лингвистика: Оқу құралы. – Алматы: «Palitra Press» баспасы, 2016. – 250 б.

«Әлеуметтік лингвистика» атты бұл оқу құралы студенттердің, магистранттардың әлемдік тіл білімінің қазіргі өзекті де перспективалық бағыттарының бірі – әлеуметтік лингвистика бойынша білімдерін өз ана тілінде алуына мүмкіндік береді. Мұнда олар жас мемлекетіміздің одан әрі нығаюы мен тілдік құрылысының қалыпты қызмет етуіне, этносаралық, тіларалық қатынастарының тең әрі тұрақты дамуына ықпал ететін демократиялық бағыттағы тіл саясатымен, этнолингвистикалық, тілдік ахуалдармен танысады. Әлеуметтік лингвистиканың пәндік және теориялық ұғымдарынан, қазіргі проблемаларынан, сондай-ақ оның өзіндік зерттеу әдістерінен хабардар болады.




Пәтуалар жинағы: Қазақстан мұсылмандары діни басқармасы Ғұламалар Кеңесінің (бірінші кітабы). – Астана, 2016. – 124 б.

Қазіргі қоғамда көп талқыланатын көкейкесті мәселелер жөнінде ізгілікке толы Ислам дінінің шариғи шешімі мен жаңа пәтуалары осы жинаққа топтастырылып отыр.




Қожалымов З. Өмірімнің шежіресі. Баяндамалар, сұхбаттар, мақалалар, ғылыми пікірлер т.б. – Алматы: Шалкөде, 2016. – 561 б.

Бұл еңбекке танымал мәдениеттанушы, өтейбойдақтанушы ғалым Зядан Қожалымовтың 1991-2016 жылдары аралығындағы өзі басқаратын «Қазақстан халық емшілері қауымдастығының» Құрылтайларында және қауымдастық ұйымдастырған халықаралық конгрестер, форумдар және конференцияларда жасаған баяндамалары, бұқаралық ақпарат құралдарында берген маңызды сұхбаттары, ғалымдардың автордың еңбектеріне жазған құнды ғылыми пікірлері және таңдаулы мақалалары жинақталған.




Камалқызы Ж. Рахманқұл Бердібай және қазақ романы: монография. – Алматы, 2016. – 320 б.

Монографияда әдебиеттанушы, фольклортанушы, түріктанушы ғалым, сыншы, публицист, үлкен ұстаз және ірі қоғам қайраткері ҚР ҰҒА академигі Рахманқұл Бердібай мұрасының бір бағыты қарастырылады. Қазақ әдебиеттану ғылымында қазақ романының теориялық мәселелерін зерттеумен із қалдырған ғалымның еңбектері негізінде қазақ әдебиетіндегі роман жанрының өсу жолындағы түрлі ізденістер, роман жанрының ұлттық руханияттағы орны, түрлі саяси дәуірлердің әдебиетке түсірген салмағы мен әсері сөз болады.



Хаутала С.М., Кызаева Ж.Б. Анахарсис. Тарихшы-студенттерге арналған көне грек тілінің бастамасы. Татарстан Республикасы Ш. Марджани атынд. Тарих ин-ты.– Казань, 2016. – 76 б.


Бұл кітаптың кейіпкері - Анахарсис, Геродот бойынша б.з.д. V ғасырда өмір сүрген және «көптеген елдерге саяхат жасап, өзінің ақылгөйлігін көрсетіп», аты аңызға айналған скиф (Геродот, Тарих, IV, 76). Анахарсиске тиесілі деп есептелетін көптеген нақыл сөздер, сонымен қатар шамамен б.з.д. III ғасырда көп бөлігі редакцияланған 10 хат сақталған.



Адай С. Алтынзер: Өлеңдер. – Алматы: «Арыс» баспасы, 2016. – 776 б.


Сабыр Адай – 1960 ж.т. Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, Президент сыйлығының және Махамбет сыйлығының иегері. Ақтау қаласының тұрғыны.

Қаламгердің «Алтынзер» атты жаңа жыр-жинағына енген өлеңдердің көпшілігі байтақ еліміздің әртүрлі деңгейдегі мерзімдік ақпарат беттерінде жарық көріп, үлкен сұранысқа ие болғанымен жеке жинаққа алғаш рет енгізіліп отыр.




Берденова К.Ә., Болтаева С.Ж. Қазақстанның экономикалық тарихы: Оқу құралы. – Алматы: Экономика, 2016. – 320 б.

Осы аталған еңбек ерте кездегі түрік, қазақ және қазіргі этникалық ахуалдағы қазақ қоғамындағы әкімшілік-шаруашылық экономикалық өзгерістерінің табиғи, әлеуметтік, саяси факторларын анықтайды. Қазіргі экономикалық ахуалға сипаттама бере отырып авторлар Н.Ә. Назарбаевтың «Қазақстан - 2050» атты Жолдауындағы альтернативтік энергия мен жасыл экономика туралы пікіріне тоқталған.




Тойбаев С.Н. Теориялық механика негіздері: Оқулық. – Алматы: ҚазҰТЗУ, 2016. – 360 б.

Оқулықта теориялық механика пәнінің негіздері, практикалық есептер шығару мысалдары, есептеу-графикалық жұмыс тапсырмалары, глоссарий және тест сұрақтары берілген. Оқу материалдарының құрылымы кредиттік технологияны қолданылатындай етіп ұйымдастырылған. Бұл білімді бақылаудың төрт деңгейінде жүргізуге мүмкіндік береді: дәріс деңгейінде - ағымдағы бақылау, блок деңгейінде - аралық бақылау, модуль деңгейінде - белестік бақылау, оқулық деңгейінде - қорытынды бақылау. Білімді бақылау осы деңгейлерге сәйкес құрастырылған тестілер арқылы жүзеге асырылады. Оқулық «Технологиялық машиналар мен жабдықтар», «Ғарыштық техника және технология» мамандықтарының жалпы білім беру мемлекеттік стандартына сәйкес ұйымдастырылған.



Темірбекова А.Б., Ускеленова А.Т., Тастандиева, Н.Б., Темірбек Е.Б. Экономиканы мемлекеттік реттеу: Оқу құралы. – Алматы, 2015. – 288 б.

Оқу құралында «Экономиканы мемлекеттік реттеу» пәнінен дәстүрлі болып саналатын стандартты курсқа берілетін негізгі теориялар жан-жақты берілген. Басқа оқулықтар мен оқу құралдарынан оның бір айырмашылығы, ол қазақстандық оқырмандарға бағытталған. Теоретикалық негізгі ойлар және қорытындылары заңнамалық, статистикалық және нақты деректер бойынша Қазақстанның экономикалық болмыстарының мысалдарымен бірге берілген.



Сейітұлы Қ. Пайғамбарлар тарихы. – Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 2015. – 320 б.

Қолыңыздағы кітап адамзатқа жіберілген пайғамбарлардың өмірін танытуды көздейді. Адам атадан (а.с.) бастап, соңғы елші Мұхаммедке (саллаллаһу аләйһи уәсәлләм) дейінгі (Құранда есімі аталған) пайғамбарлардың ортақ жіберілу мақсаты түсіндіріледі. Бұл қасиетті міндеттің өзіндік қиындықтары, әр қауымның өмір тарихы, тағдыр-талайы, наным-сенімдері мен ерекшеліктері кеңінен сөз болады.